

Қазақстандағы жасыл қаржы нарығы

Астана
Қараша, 2023 ж.

Мазмұны

Қысқаша түйін.....	3
I. Климаттың өзгеруіне қарсы күрес жөніндегі халықаралық бастама ..	4
II. Жасыл облигациялар және жасыл облигациялардың халықаралық стандарттары.....	5
III. Жасыл қаржыландырудың жаһандық нарығына шолу.....	8
IV. Қазақстанның жасыл қаржы нарығы	11
1. Қазақстанның орнықты даму жөніндегі стратегиялық құжаттары мен халықаралық міндеттемелері және жасыл қаржы нарығының қалыптасуы	11
2. «Жасыл» таксономияны және жасыл қаржыландырудың өзге де нормативтік-құқықтық негіздерін әзірлеу.....	13
3. Қазақстанның жасыл қаржы нарығын талдау.....	14
4. АХҚО Жасыл қаржы орталығы туралы	19
Қосымша: Дебюттік шығарылымдар.....	21

Қысқаша түйін

Бұл аналитикалық есеп қазақстандық жасыл қаржыландыру нарығына шолу мен талдау жасау және жеке секторды, мемлекеттік органдарды және қалың жұртшылықты нарықтың жай-күйі, трендтері мен құрылымы, сондай-ақ жасыл қаржыландыру құралдарын шығару арқылы жасыл жобаларға қаржыландыруды тарту мүмкіндіктері туралы ақпарат беру мақсатында дайындалды.

Бүгінгі таңда Қазақстанда «жасыл» экономикаға көшу және төмен көміртекті даму жөнінде стратегиялық құжаттар қабылданды, жасыл қаржыландыру нарығының жұмыс істеуі үшін нормативтік-құқықтық негіздер әзірленді. Шағын және орта кәсіпкерлік секторындағы эмитенттер үшін жасыл жобаларды іске асыру мақсатында берілген кредиттер бойынша мөлшерлемені және жасыл облигациялар бойынша купондық сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау, сондай-ақ жасыл облигациялар бойынша кепілдік беру түріндегі ынталандырулар заңнамалық деңгейде енгізілді.

3,5 жылдан астам қысқа мерзім ішінде қазақстандық нарықта жалпы сомасы 150,2 млрд теңгеге жуық жасыл облигациялар мен жасыл кредиттер шығарылды. Нарықтың негізгі драйверлері – халықаралық және жергілікті қаржы институттары, сондай-ақ энергетикалық компаниялар.

«Астана» халықаралық қаржы орталығының (АХҚО) негізгі міндеттерінің бірі – елдің орнықты экономикалық өсуіне, оның ішінде төмен көміртекті экономикаға көшу және қолдаушы қаржы экожүйесін құру үшін орнықты инвестицияларды тарту бөлігінде жәрдемдесу.

Жасыл қаржының негізгі құралдары – жасыл облигациялар мен кредиттер, оларды орналастыру мен беруден түсімдер экологиялық тұрақты және сертифициталған жағдайда Халықаралық капитал нарықтары қауымдастығының (International Capital Market Association) Жасыл облигациялар қағидаттары (Green Bond principles) және Климаттық облигациялар бастамаларының (Climate Bonds Initiative) Климаттық облигациялар стандарты (Climate Bonds Standard) сияқты жасыл қаржыландыру саласындағы халықаралық танылған стандарттарға сәйкес келетін жобаларды қаржыландыруға бағытталады. Облигациялық шығарылымның немесе кредиттің «жасыл» деп танылуы үшін сыртқы бағаны алу ұсынылады.

АХҚО жанындағы Жасыл қаржы орталығы еліміздегі жасыл қаржыландыру құралдарына сыртқы баға берудің флагманы – еліміздегі жасыл облигациялар мен кредиттердің 60%-ға жуығы АХҚО Жасыл қаржы орталығы (ЖҚО) тарапынан қолдау көрсетуімен берілген. Сонымен қатар, Орталық орнықты қаржыландыру саясаты мен құралдарын дамытуды қамтамасыз етеді және елдегі орнықты қаржы құралдарының заңнамалық негіздері мен әдіснамалық базасын әзірлеуге белсенді қатысады. Қазіргі уақытта ЖҚО елдегі эмитенттердің жасыл жобаларға қаржыландыруды тарту мүмкіндіктерін кеңейте алатын жаңа «жасыл» өнімдер мен тетіктерді жасауда.

I. Климаттың өзгеруіне қарсы күрес жөніндегі халықаралық бастама

«Жаһандық қаржы жүйесі инклюзивті, өркендеген және экологиялық қауіпсіз болашақты қаржыландыру үшін, басқаша айтқанда: орнықты дамуға қол жеткізу үшін өзгерісті қажет етеді»

БҰҰ Қоршаған орта бағдарламасы,
Бізге қажет қаржы жүйесі:
серпілістен трансформацияға, қазан, 2016 ж.

Климаттың өзгеруін Біріккен Ұлттар Ұйымы «заманымыздың ең елеулі проблемаларының бірі» деп таныды. 2007 жылы БҰҰ-ның Климаттың өзгеруі жөніндегі үкіметаралық тобы жаһандық жылынды адамның әрекетімен байланыстыратын есепті жариялады.

Климаттың өзгеруімен байланысты қауіптерді мойындай отырып, Дүниежүзілік банк, Швед зейнетақы қорлары мен банктері сияқты қаржы ұйымдарының тобы климаттың өзгеруіне қатысты проблеманы шешудің бір жолы ретінде борыштық қаржыландыруды пайдалану тәсілдерін әзірлеу үшін CICERO және Халықаралық климат пен қоршаған ортаны зерттеу орталығы сияқты климаттың өзгеруі саласындағы сарапшылармен бірікті. Бұл ынтымақтастықтың қорытындысы бойынша өлшемшарттар әзірленді, оларға сәйкес келу қоршаған ортаға тартылған инвестициялардың оң әсерін растай алар еді. Нәтижесінде, 2007-2008 жылдары Еуропа инвестициялық банкі мен Дүниежүзілік банк әлемдегі алғашқы жасыл облигацияларды сәтті шығарды, бұл облигациялар тартылған қаражатты пайдалану туралы есеп әзірлеп, оны жариялаудың өлшемшарттарын белгілей отырып, жаһандық жасыл облигациялар нарығын іске қосуға негіз болды, сонымен қатар екінші пікір ретінде сыртқы шолуды пайдалану үшін прецедент туғызды.

2011 жылы климаттың өзгеруімен күресу үшін капиталды жұмылдырумен айналысатын халықаралық ұйым – Климаттық облигациялар бастамасы (Climate Bonds Initiative) жел энергиясын өндіру саласындағы облигациялардың алғашқы стандартын әзірлеп, стандарттаудың негізін қалады, ал 2014 жылы инвестициялық банктер консорциумы жасыл облигациялардың алғашқы қағидаттарын жариялады, оларды одан әрі мониторингтеу және дамыту Халықаралық капитал нарықтары қауымдастығы (ICMA)¹ базасындағы тәуелсіз хатшылыққа өтті. Аталған қағидаттар кейіннен нарық үшін жасыл облигациялар шығару процесі бойынша ерікті ұсынымдарға айналды.

¹ <https://www.climatebonds.net/market/best-practice-guidelines>

II. Жасыл облигациялар және жасыл облигациялардың халықаралық стандарттары

Бүгінгі таңда жаһандық орнықты даму және «жасыл» экономикаға көшу мәселелері бүкіл әлем бойынша негізгі күн тәртібінен орын алды. Орнықты даму үш қағидаға негізделген:

- Қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарау (Environment),
- Әлеуметтік жауапкершілік (Social),
- Корпоративтік басқарудың тиімді жүйесі (Governance),

бұлар бірлесіп бизнесті жауапты жүргізу қағидастары – ESG-ны қалыптастырады.

Орнықты қаржыландыру деген атаумен белгілі ESG қаржыландыру қоршаған ортаға (жасыл облигациялар), әлеуметтік топтарға (әлеуметтік облигациялар) оң әсер ететін жобаларды жеке немесе олардың жиынтығын (орнықты даму облигациялары) қаржыландыруға бағытталған бірқатар қаржылық өнімдерді қамтитын кең термин. Бұл ретте орнықты даму саласындағы облигациялардың түрлерін екі үлкен топқа бөлуге болады (нысаналы және орнықты дамуға байланысты, 1-сурет).

1-сурет. Орнықты даму саласындағы облигациялардың негізгі түрлері

	ТҮСІМДЕРДІ ПАЙДАЛАНУ	Құрылым	Ақпаратты ашу	Мысалдар
Нысаналы (use of proceeds) облигациялар – жасыл, әлеуметтік, көгілдір, орнықты даму	Саясатта айқындалған қолайлы жобалар	Кәдімгі	Түсімдерді бөлу туралы, жобалардың әсері туралы есеп	ЖАСЫЛ: жаңартылатын энергия (КЭС, ЖЭС, СЭС), ӨТПЕЛІ МАҚСАТТАР: Газ турбиналық қондырғыларды салу және жаңғырту, тиімді бу-газ цикліне көшу, газ пайдаланылатын ЖЭО – 270 CO2 / кВтсағ аспайтын ПГ қорытынды шығарындыларымен
Орнықты дамумен байланысты облигациялар (Sustainability-linked bonds, SLB)	Жалпы корпоративтік мақсаттар	Орнықты дамудың нысаналы көрсеткіштері не (ОДМ, SPT) қол жеткізумен байланысты	ҚЭК орындалуы туралы есеп, облигациялардың қаржылық сипаттамалары үшін салдарлар туралы	ӨТПЕЛІ ЖӘНЕ ESG-ОБЛИГАЦИЯЛАР көмір генерациясынан газ генерациясына (мысалы, 10 жылға) көшу немесе CO2 толық ұстау технологияларына көшу жөніндегі орта және ұзақ мерзімді жоспарды (стратегияны) іске асыруға байланысты облигациялар

Источник: Federated Hermes, ICMA

Жасыл облигациялар (green bonds) – өз кезегінде кірістері тек ICMA Жасыл облигацияларының қағидастарына және/немесе аймақтық/ұлттық таксономияларға сәйкес келетін экологиялық орнықты артықшылықтары бар жаңа және/немесе қолданыстағы «жасыл» жобаларды ішінара немесе толығымен қаржыландыру немесе қайта қаржыландыру үшін пайдаланылатын нысаналы облигациялық құрал болып саналады.

Ашықтық пен сенімділіктің ең жоғары деңгейін қамтамасыз ету үшін орнықты дамудың барлық құралдары танылған халықаралық стандарттарға және/немесе таксономияларға сәйкес келуі ұсынылады.

Жасыл облигациялар шығару үшін әлемде ең көп қолданылатын екі халықаралық құжатты атап өтуге болады, олар: Халықаралық капитал нарықтары қауымдастығының (ICMA) **Жасыл облигациялар қағидаттары (Green Bond Principles)** және Климаттық облигациялар бастамасының (Climate Bonds Initiative) **Климаттық облигациялар стандарты (Climate Bonds Standard)**.

ICMA Жасыл облигацияларының принциптері (GBP) – бұл жасыл облигацияларды шығаруға арналған ерікті нұсқаулық, ол бастапқыда 2014 жылы инвестициялық банктер консорциумы озық тәжірибелер негізінде дайындаған және кейін ICMA тарапынан жетілдірілді. Нұсқаулық 2018 жылы және 2021 жылдың маусымында жаңартылды және қазіргі уақытта жасыл облигациялар шығарудың әлемдегі ең көп қолданылатын стандарты саналады. **ICMA мәліметтері бойынша 2020 жылғы барлық орнықты облигациялардың 97%-ы Жасыл облигациялар қағидаттарына сәйкес (және кейбір жағдайларда, соның ішінде CBI стандарттарына сәйкес) шығарылған².**

Қағидаттар эмитенттердің мүдделі тараптарға ашатын және хабарлайтын ақпараттың қажетті айқындығын, дәлдігі мен растығын атап көрсетеді. Қағидаттар әлеуетті эмитенттерге жасыл облигацияларды шығарудың негізгі компоненттері жөнінде ұсыныстар береді, атап айтқанда:

- табыстарды экологиялық орнықты қызмет үшін пайдалану;
- жобаның жарамдылығын анықтау процесі;
- бақылау және тексеру үшін кірістерді ашық түрде басқару;
- түсімдерді пайдалану туралы жыл сайынғы есеп.

Жасыл облигациялар қағидаттарында жасыл облигациялардың нақты анықтамасы жоқ. Қағидаттар ұсынатын жасыл жобалардың кең санаттары келесі жобаларды қамтиды: энергетика, ғимараттар, көлік, су ресурстарын басқару, қалдықтарды басқару және ластануды бақылау, табиғи активтер, соның ішінде жерді пайдалану, ауыл шаруашылығы және орман шаруашылығы, өнеркәсіп және энергияны көп қажет ететін коммерциялық қызмет, ақпараттық технологиялар және коммуникациялар³. Бұл ретте жасыл облигациялардың неғұрлым тар анықтамалары эмитенттің қалауына қалдырылған.

Қағидаттарға сәйкес эмитенттер өздерінің орнықты жобасының көрсетілген компоненттерге сәйкес келетіндігін Облигациялар құрылымында (Framework) не инвесторлар танысу үшін қолжетімді болуы тиіс заңды құжатта көрсетуі тиіс. Сондай-ақ, нұсқаулық құралды жасыл деп верификациялау үшін тәуелсіз бағалау (сыртқы шолу) алуды ұсынады; Қазақстан мен Орталық Азияда мұндай бағалау жүргізетін провайдерлерінің бірі – АХҚО Жасыл қаржы орталығы.

² <https://www.icmagroup.org/assets/documents/Sustainable-finance/GBP-Infographic-040521.pdf>

³ <https://www.climatebonds.net/market/best-practice-guidelines>

Климаттық облигациялар бастамасы (CBI) әзірлеген **Климаттық облигациялар стандарты** өз кезегінде жасыл экономикалық қызметті анықтау үшін іріктеу өлшемшарттары бар таксономияны қамтиды және жасыл облигациялар бекітілген сыртқы бағалаушылар тарапынан сертификатталуын талап етеді. **2020 жылы әлемдегі жасыл облигациялардың төрттен бір бөлігі CBI стандартына сәйкес шығарылды⁴.**

Climate Bonds Initiative (CBI) аясында сертификатталған «жасыл» облигацияларды шығару үшін эмитенттер бағалы қағаздардың толық өмірлік циклін қамтитын бірқатар өлшемшарттарды сақтауы тиіс. Оның негізгі аспектілері мыналарды қамтиды: Климаттық облигациялар стандартына толық сәйкестік; экологиялық таза жобаларды іріктеу өлшемшарттарын сақтау; кірістерді пайдалану, бақылау және есеп берудің ашық әрі міндетті талаптары; сыртқы аудит және тәуелсіз сыртқы бақылау және климаттық облигациялардың тәуелсіз стандартымен сертификаттау.

Climate Bond стандартына сәйкес сертификаттау қазіргі уақытта жеті секторда (энергетика, көлік, су, ғимараттар, жерді пайдалану және теңіз ресурстары, өнеркәсіп, қалдықтарды басқару) қол жетімді⁵.

Стандарттар сонымен қатар қаржы нарығына қатысушылар арасында экологиялық және әлеуметтік әсердің маңыздылығы туралы хабардарлықты арттырады және орнықты дамуды қолдау үшін көбірек капитал тартуға ықпал етеді⁶.

Кредиттік нарық қауымдастығы (Loan Market Association, Asia Pacific Loan Market Association и Loan Syndications & Trading Association, бұдан әрі — LMA/APLMA/LSTA) 2018 жылы ICMA Жасыл облигациялар қағидаттарына ұқсас Жасыл кредиттеу қағидаттарын (Green Loan Principles) қабылдады. Көрсетілген Қағидаттарға сәйкес таңбаланған жасыл қарыздар – бұл экологиялық маңызы бар және Жасыл кредиттеу қағидаттарының негізгі элементтеріне сәйкес келетін жаңа және/немесе қолданыстағы жасыл жобаларды қаржыландыруға немесе қайта қаржыландыруға (толық немесе ішінара) бағытталған қарыздар мен кредиттер. Жасыл кредиттеу қағидаттарының ерекшелігі олардың Жасыл облигациялар қағидаттарымен толық үйлесімді болуы және қаражатты пайдалану бағыты (жасыл жобалар санаттары), жобаларды бағалау және іріктеу, тартылған қаражатты басқару, есептілік және ақпаратты ашу процестері, сондай-ақ сыртқы бағалау бөлігінде жасыл облигациялар бойынша талаптарға дәлме дәл ұқсас қарыздарды тарту процесіне қойылатын талаптардың белгіленуі. Қағидаттар қарыздар мен кредиттердің кең спектріне, сондай-ақ іс жүзінде кредиттік өнімдер мен құралдар болып саналатын қаржы құралдарына (мерзімді несиелер, жаңартылатын кредиттік желілер, кредит желілері, консорциумдық және синдикатталған кредиттер, револьверлік кредиттер, аккредитивтер, кепілдіктер, лизинг, факторинг және т.б.) қолданылуын көздейді.

⁴ European Parliament. European green bonds

⁵ <https://www.climatebonds.net/standard/taxonomy>


⁶ <https://www.icmagroup.org/>

III. Жасыл қаржыландырудың жаһандық нарығына шолу

Climate Bonds Initiative-тің орнықты дамудың жаһандық борыштық нарығының 2023 жылдың бірінші жарты жылдығындағы жай-күйі туралы есебіне сәйкес, орнықты дамудың жаһандық борыштық құралдары нарығы (жасыл, әлеуметтік, орнықты даму облигациялары мен орнықты дамумен байланысты облигацияларды қоса алғанда) көлемінің жалпы сомасы 2023 жылдың бірінші жартысындағы жағдай бойынша 4,2 трлн АҚШ долларына жетіп, қарқынды өсіп келе жатқанын көрсетті.

2022 жылы жасыл облигациялар орнықты сипаттағы борыштық құралдар арасында көш бастауды жалғастырды, олар бүкіл орнықты борыштық нарықтың шамамен 57%-ын құрады. 2021 жылы екі есеге жуық өсуден кейін, жасыл қаржының жаһандық нарығы дәстүрлі қарыз нарығымен қатар 2022 жылы төмендеді. Жасыл облигациялар шығарылымы көлемі 487 млрд АҚШ долларын құрады, бұл өткен жылғы көрсеткіштен 16%-ға төмен⁷ (2-суретті қараңыз).

2-сурет. 2022 жылғы орнықты қаржыландыру нарығындағы жасыл облигациялардың үлесі (%) және 2018-2022 жылдардағы жасыл облигациялар шығарылымдарының көлемі және 2023 жылға болжам, млрд. АҚШ долл.



Дереккөз: CBI

2023 жылы Markets 360 командасы жаһандық жасыл облигациялар шығарылымы қалпына келеді және 2021 жылғы рекордтық деңгейден әлеуетті түрде асып, шамамен 600 млрд АҚШ долларына жетеді деп болжап отыр⁸.

CBI есебіне сәйкес, 2022 жылы жасыл облигациялар көлемінің үштен екісі (67%) дамыған нарықтарда шығарылған, 23% дамушы нарықтарда және көлемнің 9% ұлттық органдардан жоғары тұратын ұйымдарға тиесілі. 2022 жылы Қытай АҚШ-тан озып, жасыл

⁷ Climate Bonds Initiative. [Sustainable Debt. Global State of the Market Report 2022](#)

⁸ BNP Paribas. [Green bond growth to return in 2023](#)

облигациялар шығарылымы бойынша елдер арасында әлемдік көшбасшы болды (85,4 млрд. АҚШ долл.). Қаржы емес сектор эмитенттерінің арасында жаңартылатын энергия секторының компаниялары басым, бұл көміртексіздендіру және таза энергия көздеріне көшудің жаһандық трендімен байланысты (3-суретті қараңыз).

3-сурет. 2022 жылғы жасыл облигациялар жаһандық нарығы цифрлармен

Шығарылым көлемі бойынша топ-3 ел	Топ-3 ірі эмитент	Қаржылық емес сектордың ең ірі эмитенттері
Қытай – \$85,4 млрд (18%) АҚШ – \$64,4 млрд (13%) Германия – \$61,2 млрд (13%)	Еуроодақ – \$26 млрд Еуропа инвестициялық банкі – \$14,5 млрд Германия Федеративті Республикасы – \$14,3 млрд	China Three Gorges Corporation, Қытай (ЖЭК) – \$5,1 млрд Orsted, Дания (ЖЭК) – \$4 млрд Iberdrola, Испания (ЖЭК) – \$3,1 млрд
Мәмілелер мөлшері	Мәміле жасасу валютасы	Ең белсенді эмитент
Орташа мөлшер – \$140 млн	Мәмілелер 33 валютада жасалған. Топ-3 валюта: еуро, АҚШ долл, юань	Ұлттық ипотекалық қауымдастық (АҚШ) – 431 мәміле

Дереккөз: CBI

Тұтастай алғанда, Climate Bonds Initiative жасыл облигациялар нарығындағы 2022 жылғы келесі трендтерді атап өтеді:

- 1) Жаһандық энергетикалық дағдарыс әлемдегі ең ірі экономикаларды таза энергетиканы неғұрлым белсенді дамытуға итермеледі, осыған байланысты жаңартылатын энергетика қуатын, сондай-ақ жасыл сутекті ұлғайту үшін көбірек капитал тартылуда.
- 2) Мәмілелердің орташа мөлшерінің ұлғаюы, бірақ сонымен бірге өтеу мерзімі қысқа мәмілелер саны да ұлғайған.
- 3) Қарқынды дамып келе жатқан нарықта ақпаратты ашу бойынша сәйкестіктің барабар деңгейіне қол жеткізу негізгі сын болып қала береді. Тартылған инвестициялардың әсерін өлшеуге арналған қағидалар, процестер мен көрсеткіштер санының артуына орай эмитенттерге барлық жаңалықтарға ілесу қиындай түсуде. Эмитенттер жаңа талаптар мен қағидалардан хабардар болып, нарықпен бірге дамуы керек, бірақ ең алдымен олар компания деңгейінде есеп беруді күшейтуі керек.

2022 жылдың соңына қарай Climate Bonds Initiative жиынтық көлемі 324,2 млрд. АҚШ долл. құрайтын егеменді орнықты облигацияларды тіркеді. Жасыл облигациялар жалпы көлемнің 81%-ын құрап, 263,3 млрд. АҚШ долл. болды. Қазіргі уақытта әлемде 20-дан астам егеменді үкімет жасыл жобалар мен бағдарламаларға бюджеттік шығындарды қаржыландыру үшін жасыл облигациялар шығарды, олардың ішінде Венгрия, Таиланд, Германия, Италия, Нидерланды, Ұлыбритания, Швеция үкіметтері бар.

CBI егеменді орнықты облигациялар эмитенттерінің жалпы саны 2023 жылы 50 елге жетеді деп болжайды. Орнықты облигациялар нарығына кіре отырып, мемлекеттер жеке сектор мен инвесторларға орнықты даму ниеті туралы белгі береді. Орнықты тақырып бойынша егеменді құралдарды шығару инвестициялардың қосымша көздерін тарту және

орнықты болашаққа ықпал ететін активтерді, жобаларды және шығындарды қаржыландыру мақсатында эмитенттердің көбірек санын капитал нарықтарын пайдалануға ынталандыру арқылы нарықтың ішкі дамуы үшін катализатор бола алады⁹.

АХҚО Жасыл қаржы орталығы Қазақстан Қаржы министрлігінің төмен көміртекті экономикалық және әлеуметтік даму мақсаттарына қол жеткізу үшін егеменді жасыл немесе орнықты облигацияларды шығаруынан үлкен перспективалар көреді. Қазақстанда егеменді облигациялардың осындай шығарылымы ведомствоаралық жұмыс тобын құруды және олардың жұмысын үйлестіруді талап етеді. АХҚО Жасыл қаржы орталығы жасыл облигациялар шығару бағдарламаларының жасыл қаржыландыру саласындағы халықаралық стандарттарға сәйкестігін қамтамасыз ету үшін егеменді/муниципалды эмитентке консультациялық қолдау көрсете алады.

2021 жылдың жазында Өзбекстан үкіметі импакт-инвесторлар мен институционалдық ойыншылардың қаражатын тарту үшін 235 млн АҚШ доллары көлемінде жергілікті валютада номинацияланған ОДМ егеменді облигацияларын Лондон биржасында шығарды. 2023 жылдың қазан айында Өзбекстан алғаш рет жергілікті валютада 349,1 млн АҚШ доллары көлемінде номинацияланған жасыл еурооблигацияларды орналастырды, олар бойынша кірістілік инвесторлардың жоғары сұранысы аясында төмендетілді.

Беларуссияның Қаржы министрлігі жақын арада Ресей алаңында жасыл облигацияларды орналастыру туралы жоспарларын жариялады. Муниципалды шығарылымдардың бір мысалы – 2021 жылдың мамырында Мәскеу Үкіметі Мәскеу биржасында жасыл облигацияларды орналастырды.

⁹ CBI, Sustainable Debt. Global Status report 2022.

IV. Қазақстанның жасыл қаржы нарығы

1. Қазақстанның орнықты даму жөніндегі стратегиялық құжаттары мен халықаралық міндеттемелері және жасыл қаржы нарығының қалыптасуы

Елдің орнықты дамуы – болашақ ұрпақтың қажеттіліктерін қанағаттандыру мүмкіндігіне нұқсан келтірілмейтін және қазіргі ұрпақтың қажеттіліктері қанағаттандырылатын даму. Дүние жүзіндегі үкіметтер өздерінің ұзақ мерзімді даму стратегияларына орнықты даму қағидатын енгізуде және Қазақстан да бұдан шет қалған жоқ.

2012 жылы қабылданған **«Қазақстан-2050»: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағдары» стратегиясы** елдің «жасыл» даму жолына көшуіне негізделген орнықты және тиімді экономикалық модельді құрудың нақты бағдарларын белгілейді. Орнықты дамудың негізгі құралдарының бірі – «жасыл экономикаға» көшу. 2013 жылы **Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшу тұжырымдамасы** қабылданды, ол қоршаған ортаның сапасын және халықтың өмір сүру сапасын жақсарту арқылы Қазақстанның орнықты дамуының негізін қалайды. Тұжырымдамаға сәйкес «жасыл экономикаға» көшу үшін қажетті инвестиция көлемі жыл сайын ЖІӨ-нің шамамен 1%-ын құрайды, бұл жылына 3–4 млрд АҚШ долларына тең¹⁰. 2015–2016 жылдары **Қазақстан** жаһандық парниктік газдар шығарындыларын айтарлықтай қысқартуға бағытталған **Париж келісімін ратификациялады** және 1990 жылмен салыстырғанда парниктік газдар шығарындыларын 2030 жылдың желтоқсанына дейін 15%-ға сөзсіз қысқарту мақсатымен өзінің ұлттық деңгейде белгіленген жарналарын (бұдан әрі - ҰДБЖ) ұсынды. 2020 жылғы желтоқсанда Климаттың өзгеруіне байланысты өршіл міндеттер саммитінде Қазақстан Республикасы Президенті Қ.К. Тоқаев Париж келісімі бойынша Қазақстанның міндеттемелерін растап, жаңа мақсат – Қазақстанның 2060 жылға қарай көміртегі бейтараптығына қол жеткізуі туралы жариялады, ал 2023 жылғы ақпанда Президент Жарлығымен **2060 жылға қарай көміртегі бейтараптығына қол жеткізу стратегиясы қабылданды**.

Стратегияға сәйкес, төмен көміртекті дамуға және көміртекті бейтараптылыққа қол жеткізуге ықпал ететін төмен көміртекті технологияларға таза инвестициялар 610 млрд АҚШ долларына бағаланады, оның ішінде тікелей мемлекеттік инвестициялар жалпы инвестициялар көлемінің 3,8% аз ғана үлесін құрайды. Қажетті инвестициялардың жартысынан астамы немесе 386,3 млрд АҚШ доллары – экономикада қолданыстағы және айналымдағы инвестициялар, олар шикізат секторларынан экономиканың анағұрлым «жасыл» секторларына қайта бағытталатын болады, қалған бөлігі немесе 223,7 млрд АҚШ доллары – жаңа инвестициялық ресурстар.

¹⁰ ҚР «жасыл» экономикаға көшу тұжырымдамасы

Қазақстанның орнықты және төмен көміртекті даму жөніндегі стратегиялық мақсаттары мен халықаралық міндеттемелері осы бағыттағы инвестицияларды белсенді жұмылдыруды талап етеді, бұл бірінші кезекте «жасыл» қаржылық инфрақұрылымды және тиісті заңнамалық және әдіснамалық базаны құруды талап етті.

4-сурет. Қазақстандағы жасыл қаржы нарығының қалыптасуы мен өңірдегі жасыл қаржыны дамытудағы АХҚО-ның үйлестіруші рөлінің хронологиясы



Қазақстанда бүгінгі таңда жасыл қаржыландыру нарығы қалыптасты, нарықтың жұмыс істеуі мен дамуының заңнамалық және реттеуші негіздері әзірленді, бұл сондай-ақ АХҚО Жасыл қаржы орталығы жүргізген жұмыстардың арқасында іске асты.

Өзінің құқықтық мәртебесі мен мүмкіндіктерінің арқасында, сондай-ақ елдің географиялық орналасу жағдайының ескерілуімен АХҚО Орталық Азия мен Шығыс Еуропа өңірінде жасыл қаржыландыру құралдарын дамытуға және басқаруға ықпал ететін жасыл қаржының өңірлік хабына айналу әлеуетіне ие.

2. «Жасыл» таксономияны және жасыл қаржыландырудың өзге де нормативтік-құқықтық негіздерін әзірлеу

АХҚО Жасыл қаржы орталығы Қазақстанның жасыл қаржыландыру жүйесінің заңнамалық және нормативтік-құқықтық негіздерін енгізу бойынша жұмыс атқарды, атап айтқанда, жасыл қаржыландыру бойынша келесі құжаттар әзірленді:

- Жасыл қаржыландырудың құралдары мен қағидаттарын енгізу және дамыту тұжырымдамасы, онда алғаш рет Қазақстандағы жасыл қаржыландыру жүйесіне шолу жасалды, кедергілер қарастырып, одан әрі дамыту бойынша ұсынымдар ұсынылды, жүйені дамытудағы АХҚО-ның орталық үйлестіруші рөлі атап өтілді;
- АХҚО биржасында жасыл облигацияларды шығару қағидалары, онда эмитенттердің және инвесторлардың мүдделерін, сондай-ақ Биржа нарығы мен АХҚО қоғамдастығының тұтастығын қорғау мақсатында АХҚО биржасында жасыл облигацияларды шығаруға қойылатын талаптарды белгіленген;
- 2020 жылдың 1 қаңтары мен 2021 жылдың 31 желтоқсаны аралығында өтінім берген кезде шығарылған немесе АХҚО биржасының листингіне енгізілген жасыл облигациялар үшін сыртқы шолу шығыстарын өтеуді көздейтін жасыл облигациялардың эмитенттері үшін сыртқы шолу шығыстарын өтеу қағидалары. Бұл шара эмитенттерді Қазақстандағы жасыл жобаларды қаржыландыру үшін жасыл облигациялар шығаруға ынталандыруға арналған болатын.

Сондай-ақ, АХҚО Жасыл қаржы орталығы ұғымдық аппаратты үйлестіруге және Қазақстандағы жасыл қаржы нарығын ынталандыруға бағытталған жаңа ҚР Экологиялық кодексі мен ҚР Кәсіпкерлік кодексінің редакциясында «жасыл қаржыландыру» ұғымын бекіту бойынша ұсыныстар енгізді:






- «Жасыл» облигациялар және «жасыл» кредиттер арқылы қаржыландыруға жататын «жасыл» жобалардың жіктелімі (таксономиясы)» (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 31 желтоқсандағы № 996 қаулысымен бекітілген);
- Жасыл облигациялар мен кредиттерді купондық және пайыздық мөлшерлемелерді субсидиялау, сондай-ақ жасыл облигацияларға кепілдік беру тетігі сияқты экономикалық ынталандыру шаралары (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 2 ақпандағы № 43 қаулысымен бекітілген; операторы – «ДАМУ» ҚДҚ).

«Жасыл» таксономия – бұл қолданыстағы табиғи ресурстарды пайдалану тиімділігін арттыруға, қоршаған ортаға теріс әсер ету деңгейін төмендетуге, энергия тиімділігін, энергияны үнемдеуді арттыруға, климаттың өзгеруін азайтуға және климаттың өзгеруіне бейімделуге бағытталған экономикалық қызмет түрлерінің жіктелімін, жобалар мен

активтер санаттарының бірыңғай жүйесі. Таксономияны қабылдау нарық қатысушыларының орнықты тақырыптағы қаржы құралдарына, оның ішінде ел экономикасының төмен көміртекті дамуға көшуі жөніндегі жобаларға қызығушылығының өсуіне ықпал етті.

Таксономия жобалардың 7 санатын қамтиды (5-сур. қараңыз).


5-сурет. ҚР Жасыл таксономиясына сәйкес «жасыл» жобалардың санаттары

	<i>Жаңартылатын энергия (жел, күн, геотермалдық, гидро, биоэнергия, жаңартылатын энергия көздеріне арналған жеткізу тізбегі және көмекші инфрақұрылым, сутегі өндірісі)</i>
	<i>Энергия тиімділік (жұмыс істеп тұрған және салынып жатқан өнеркәсіптік объектілерде энергия тиімділігін арттыру, бюджеттік және коммуналдық секторларда энергия тиімділігін арттыру, энергия тиімді ғимараттар, құрылыстар және құрылысжайлар)</i>
	<i>Жасыл ғимараттар (жасыл ғимараттар, тиісті жүйелер мен құрылыс материалдары, жасыл инфрақұрылым)</i>
	<i>Ластануды болдырмау және бақылау (ауа сапасы, топырақ)</i>
	<i>Су мен қалдықтарды орнықты пайдалану (суды орнықты пайдалану және суды үнемдеу, қалдық және сарқынды сулар, ресурстарды сақтау және қалпына келтіру)</i>
	<i>Орнықты ауыл шаруашылығы, жерді пайдалану, орман шаруашылығы, биоалуантүрлілікті сақтау және экологиялық туризм;</i>
	<i>Таза көлік (таза көлік, төмен көміртекті көлік құралдары, таза көлік инфрақұрылымы, таза көліктік ақпараттық-коммуникациялық технологиялар).</i>

3. Қазақстанның жасыл қаржы нарығын талдау


ЖҚО қатысуымен жүргізілген кешенді жұмыстың нәтижесінде 2023 жылғы қазанның аяғында **Қазақстанның тұрақты қаржы нарығында жалпы сомасы 226,9 млрд теңгеден астам сомаға облигациялар орналастырылды және несие берілді (2023 жылғы 1 қарашадағы валюта бағамы бойынша 483,1 млн АҚШ доллары) сомаға облигациялар орналастырылды (14.06.22 жылғы «Қазақстан даму банкі» АҚ-ның 15 млрд теңге сомасына жасыл облигациялар шығарылымы есеп дайындау кезінде әлі орналастырылмаған болатын).** Жасыл облигациялар мен жасыл кредиттерді қоса алғанда, «жасыл» тақырыптағы құралдар жалпы көлемнің 66%-ын құрады. **2023 жылдың қазан айының соңында жасыл қаржы құралдары шығарылымдарының көлемі 150,2 млрд теңгені құрады, оның ішінде жасыл облигациялар 112,9 млрд теңгені, жасыл кредиттер 37,3 млрд теңгені құрады (6-сур. қар.).**

6-сурет. 2023 жылғы қазан айының соңындағы Қазақстанның орнықты қаржыландыру нарығының құрылымы




Шығарылымдардың ең үлкен көлемі 2021 жылы орын алды – жасыл құралдар шығарылымының көлемі 80,8 млрд теңгені құрады (7-сур. қар.).

7-сурет. Қазақстандағы жасыл қаржы нарығы құралдарының шығарылымдары (млрд теңге)




Жасыл қаржы құралдары шығарылымының көлемі бойынша эмитенттердің арасында халықаралық қаржы институттары (Азия даму банкі, Еуразиялық даму банкі) басым, одан кейін – энергетикалық компаниялар («Самұрық-Энерго» АҚ және «KEGOC» АҚ), мемлекеттің қатысуы бар отандық қаржы институттары («Қазақстанның даму банкі» АҚ, «Даму» ҚДҚ) және жергілікті жеке қаржы институттары (Haluk Bank) (8-сур. қар.).

8-сурет. Эмитенттер бөлінісіндегі жасыл қаржы құралдарының шығарылымдары, млрд теңге



Жасыл қаржыландыру құралдарын верификациялау мақсатында Қазақстандағы эмитенттер Second party opinion форматындағы сыртқы бағалауды пайдаланады. Талданған кезеңде сыртқы бағалау провайдерлері АХҚО Жасыл қаржы орталығы (Қазақстан), CICERO (Норвегия), ACRA (Ресей), Green Investment Group (Қазақстан) болды. АХҚО Жасыл қаржы орталығы Қазақстан нарығындағы негізгі провайдер (9-сур. қараңыз).

9-сурет. 2023 жылғы қазан айының соңындағы жасыл қаржы құралдарына ұсынылған сыртқы шолулар саны бойынша Қазақстандағы сыртқы шолу провайдерлері



Қазақстанда жасыл облигациялар мен жасыл кредиттер шығарудан түскен кірісті пайдаланудың негізгі бағыттары энергия тиімділігі және жаңартылатын энергия көздері жобалары болып табылады (үлестері тиісінше 32% және 31% құрайды), қалғанын аралас жасыл жобалар құрайды. Энергия тиімділігі жобаларына көше жарықтандыру желілерін салу және пайдалану, энергия тиімділігін арттырумен қатар парниктік газдар шығарындыларын азайтуға ықпал ететін электр желілерін қайта құру кіреді.

10-сурет. Қазақстанның «Жасыл» таксономиясына сәйкес 2023 жылғы қазан айының соңындағы жасыл облигациялар/кредиттер шығарудан түскен түсімді нысаналы пайдалану, млрд теңге



Таңбаланған (LMA/LSTA/APLMA халықаралық стандарты бойынша) жасыл кредиттеу нарығы 2021 жылдың қыркүйегінде ЕАДБ мен «Батыс транзит» АҚ «Атырау қаласында көше жарықтандыру желілерін салу және пайдалану» жобасын қаржыландыру үшін 3,6 млрд теңге сомасына жасыл кредит беру жөніндегі кредиттік шартқа қол қойған кезде басталды және сол жылдың қараша айында – «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ және Halyk Bank сәйкесінше 16,95 млрд теңге және 7,9 млрд теңге сомасына жасыл кредиттер берді.

Тұтастай алғанда, Қазақстанда негізгі капиталға инвестициялардың жалпы көлемінде экономиканың нақты секторын қаржыландырудағы банк саласының үлесі инвестициялардың 1,5% (2023 жылғы қаңтар-наурызда) алып отырғанын атап өткен жөн¹¹, алайда бұл банктердің жасыл экономиканы және көміртексіздендіруді қаржыландырудағы әлеуетті маңызды рөлін жоққа шығармайды. Бұл ретте, соңғы жылдары ЖЭК саласындағы жаңа жобаларға барынша төмен пайызбен теңгемен бірқатар кредиттік желілер (ескертпе: LMA/LSTA/APLMA «Жасыл кредиттеу қағидаттары» халықаралық стандарт бойынша таңбаланбаған жасыл кредиттер) мен қаржыландыру берген даму институты ретінде Қазақстанның Даму Банкінің (ҚДБ) қызметін қоспағанда, елде банк секторы әзірге төмен көміртекті экономиканы дамытуда шектеулі рөл атқарады. Жасыл кредиттеуді дамытуға өз үлесін қосып отырған халықаралық даму банктерінің кредиттік желілерін де атап өту қажет. Мысалы, 2021 жылдың шілдесінде ЕҚДБ мен Банк Центр Кредит бизнесті және тұрғын үй объектілерін энергиялық тиімді жаңғыртуға бағытталған, 2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі

¹¹ <https://stat.gov.kz/ru/industries/business-statistics/stat-invest/publications/5195/>

ұлттық жоба шеңберінде субсидиялар алу мүмкіндігімен жасыл экономика бойынша \$20 млн сомасындағы кредит желісіне қол қойды.

Бұл ретте көміртексіздендіруді қаржыландырудың негізгі құралдары – жасыл кредиттер және банк секторында жасыл кредит беру көлемін есепке алу жүйесін енгізу өзекті мәселе болып саналады.

Қазіргі уақытта Қазақстан банктері, қаржы реттеушілері (ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі (бұдан әрі – Агенттік) және ҚР Ұлттық Банкі) жасыл экономикаға көшу жөніндегі міндеттерді іске асыруға немесе Париж келісімінің температуралық мақсатына қол жеткізуге Қазақстан Республикасының ұлттық деңгейде айқындалатын үлеске (ҰДАҰ) инвестициялардың жалпы көлемін бағалау үшін жасыл кредиттердің көлемі бойынша деректерді жинамайды. Сонымен қатар, Агенттік қаржы секторында ESG қағидаттарын енгізудің Жол картасын енгізу бойынша жұмысты бастады, оған сәйкес 2024 жылы жасыл кредиттер бойынша есептілікті қоса алғанда, қаржы ұйымдарының жарияланатын жылдық есептері шеңберінде қаржы секторында міндетті ESG-есептілікті енгізу жоспарлануда.

АХҚО Жасыл қаржы орталығының шамамен бағалауы бойынша Қазақстанда жасыл жобаларды (LMA/LSTA/APLMA халықаралық стандарты бойынша жасыл ретінде таңбаланған және таңбаланбаған, 2023 жылдың ортасындағы жағдай бойынша және жекелеген жағдайларда 2022 жылдың соңындағы деректер бойынша) іске асыруға арналған жасыл қарыздар портфелінің жалпы сомасы **1,4 трлн теңгені** құрайды. Қазақстан бойынша көрсетілген бағаға ЕҚДБ (GEFF энергия тиімділігі бағдарламасы бойынша ЦентрКредит Банкінің 6,5 млрд теңге көлеміндегі кредиттерін қоса алғанда), АДБ, ЕАДБ, АБИИ, ҚДБ жасыл портфельдері, «Даму» ҚДҚ және БҰҰДБ субсидиялау және кепілдік беру арқылы қолдау көрсетілетін жасыл жобаларға арналған қарыздар, Халық Банктің жасыл қарыздары (2022 жылғы орнықты даму есебіне сәйкес) және Отбасы Банкінің жасыл ипотекасы жөнінде мәліметтер енген.

Сонымен қатар, ұлттық ЕДБ және ҚДБ арқылы берілген қарыздар портфелін ғана қарау кезінде жасыл портфельдердің үлесі ҚР банктерінің жалпы несиелік портфельдерінің шамамен **1,15% (301,2 млрд теңге)** құрады. Бұл ретте әлемдік тәжірибеде, 2014 жылдың деректері бойынша, көптеген дамушы және дамыған елдерде (Қытай, Жапония, Италия, БАӘ, Нидерланды, Испания, Гонконг, Германия) – жасыл қарыздардың орташа үлесі кредиттеудің жалпы көлемінің 10%-дан астамын құрады¹².

Банктердің жасыл кредиттерінің көлемі бойынша деректерді әмбебап жинау жасыл инвестициялардың жалпы көлемін және жасыл жобаларды ынталандыру шараларын жақсырақ бағалауға ықпал етеді, ал жасыл таксономия құралы банктердегі «жасыл» несиелерді бақылау үшін есеп беру жүйесін қалыптастыру кезінде пайдаланылуы мүмкін.

Қазіргі уақытта АХҚО Жасыл қаржы орталығы «Жасыл» капитал (Green equity)/ «жасыл» IPO (Green IPO) сияқты жаңа «жасыл» өнімдерді дамыту бойынша жұмыс істеуде, олар

¹² World Bank, Green Finance. A Bottom-up Approach to Track Existing Flows


Орталықтың пікірінше жасыл жобаларға инвестициялау мүмкіндіктерін кеңейтеді және Қазақстандық эмитенттер тарапынан сұраныстың үлкен әлеуетіне ие болуы мүмкін.

4. АХҚО Жасыл қаржы орталығы туралы

«Астана» халықаралық қаржы орталығының (бұдан әрі – АХҚО) негізгі мақсаттарының бірі – елдің орнықты экономикалық өсуіне, оның ішінде орнықты инвестицияларды тарту және қолдаушы қаржылық экожүйені құру бөлігінде төмен көміртекті экономикаға көшу мәселелерінде жәрдемдесу. 2018 жылғы 1 маусымда АХҚО құрылымында Жасыл қаржы орталығы құрылды, оның негізгі мақсаты жасыл, әлеуметтік және орнықты облигациялар мен кредиттерді және т.б. қоса алғанда, өңірдегі қаржылық құралдардың жақсы жұмыс істейтін нарығын қалыптастыру есебінен Орталық Азия елдерінің төмен көміртекті, анағұрлым орнықты экономикаға көшуін жеделдету болып табылады.

АХҚО Жасыл қаржы орталығы – орнықты қаржыландыру саясаты мен құралдарын дамытуды қамтамасыз етеді және СBI стандарты бойынша сертификаттау үшін орнықты қаржыландыру құралдары бойынша сыртқы бағалау провайдері ретінде Климаттық облигациялар жөніндегі бастама (Climate Bonds Initiative) тарапынан аккредиттелген Орталық Азиядағы жалғыз компания және халықаралық капитал нарықтары қауымдастығының (ICMA) External Review Service Mapping құрамына кіреді.

6-сурет. ICMA () мен СBI () аккредиттеген екінші пікір провайдерлері орналасқан елдер*



** Ескерту: Картада аккредиттелген провайдерлердің бас кеңселері орналасқан елдер көрсетілген. Аталған бір елде бірнеше провайдер болуы мүмкін.*

АХҚО жанындағы Жасыл қаржы орталығы елдегі жасыл қаржы құралдары бойынша сыртқы бағалауды ұсынудың флагманы – 2023 жылдың қазан айының соңында

Қазақстандағы жасыл облигациялар мен кредиттердің 60%-ға жуығы АХҚО жанындағы Жасыл қаржы орталығының қолдауымен берілді.

Тұтастай алғанда, Орталық компанияларға орнықты даму саласындағы облигацияларды шығаруға және орнықты қаржы саласындағы қажетті құжаттар мен саясаттарды әзірлеу және сыртқы бағалауды ұсыну арқылы кредиттер ұсыну кезінде қолдау көрсету бойынша бірқатар қызметтерді ұсынады, атап айтқанда:

- *орнықты қаржыландыру саласында әлеуетті эмитенттер/қарыз алушылар орнықты дамуды қаржыландырудың халықаралық қағидаттарына (ICMA, CBI, таксономиялар) сәйкестігін растау үшін енгізіліп жатқан процестерді ашатын саясаттар әзірленуде;*
- *екінші тараптың пікірі (Second Party Opinion) форматында эмиссияға дейінгі есеп және түсімдерді пайдалану, эмитенттің/қарыз алушының ішкі процестерінің қолданылатын стандарттарға сәйкестігі бойынша эмиссиядан кейінгі верификация, ол жасыл/әлеуметтік облигацияның/кредиттің немесе эмитенттің саясатына сәйкес орнықты даму көрсеткіштеріне (SLB, KPI-linked etc.) байланысты қаржы құралының сәйкестігін бағалауды қамтиды*
- *орнықты даму саласындағы облигацияларын шығару есебінен қаржыландырылатын жобалардың әсері туралы жылдық есептер дайындалады.*

Орталық Қырғызстанда дебюттік әлеуметтік (гендерлік) және жасыл облигацияларды шығаруға қатысқанын жеке атап өту қажет. Сондай-ақ, Орталық Қырғызстанның Табиғи ресурстар, экология және техникалық қадағалау министрлігімен бірлесіп, орнықты қаржыландыру таксономиясының жобасын дайындап, таныстырды.

Жасыл қаржыландыру нарығын одан әрі дамыту үшін АХҚО Жасыл қаржы орталығы қазіргі уақытта Қазақстанның 2060 жылға қарай қабылданған көміртегі бейтараптығына қол жеткізу Стратегиясының басымдықтарын ескере отырып, Қазақстанның Жасыл таксономиясын кеңейту бойынша ҚР Экология және табиғи ресурстар министрлігімен жұмыс жүргізуде.

2022 жылдың желтоқсанында Еуразиялық экономикалық комиссияның Жоғары деңгейдегі жұмыс тобы климаттық күн тәртібі аясында АХҚО Жасыл қаржы орталығымен тығыз ынтымақтастықта ЕАЭО елдері жасыл жобаларының өлшемшарттарын ашатын Жасыл жобалардың модельдік таксономиясын әзірлеп, бекітті. Модельдік таксономияны дайындаудың мақсаты – ЕАЭО кеңістігінде жасыл қаржыландыру құралдарын жүйелі дамыту шеңберінде ЕАЭО елдерінің тәсілдерін ынталандыру және жақындастыру, ал жасыл жобалардың дайындалған өлшемшарттары ұлттық таксономияларды әзірлеу немесе өзектендіру, сондай-ақ трансшекаралық жобаларды дамытуға арналған әлеуетті құрал бола алатын интеграциялық бірлесу үшін қалыптастырылған алғашқы өлшемшарттардың бірі болды. Осы мақсаттарда ЖҚО ЕАЭО модельдік таксономиясына сілтеме жасай отырып шығарылуы мүмкін қаржы құралдарын верификациялау жүйесіне қойылатын талаптарды дайындауға қатысты.

ҚОСЫМША: ДЕБЮТТІК ШЫҒАРЫЛЫМДАР

1-кейс: Қазақстандағы бірінші жасыл облигациялар

2020 жылдың тамыз айында Қазақстанда дебюттік жасыл облигациялар сәтті шығарылды – «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры АХҚО биржасында (AIX) 200 млн теңге сомасына жасыл облигацияларды орналастырды, бұл отандық орнықты қаржыландыру нарығын дамытуға негіз болды. Бағалы қағаздардың айналым мерзімі 36 айды, купон мөлшерлемесі 11,75%-ды құрады.

Бұл шығарылым Қазақстандағы БҰҰ Даму бағдарламасының (БҰҰДБ) және Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің бірлескен бастамасы аясында Жаһандық экологиялық қордың (ЖЭҚ) қаржылық қолдауымен жүзеге асырылды, ол ЖЭК-ке инвестициялау тәуекелдерін төмендетуге бағытталған. «Жасыл» облигацияларды шығару және орналастыру арқылы «Даму» ҚДҚ қаражат тартты, олар ЖЭК жобаларын іске асыруды қаржыландыру мақсатында ШОБ субъектілерін кредиттеу үшін екінші деңгейлі банктер арқылы берілді. Алғашқы жасыл облигацияларды орналастыру қорытындылары бойынша тартылған инвестицияның барлық көлемі Түркістан облысында күн электр стансасының құрылысын қаржыландыруға жұмсалды.

16-сурет. Қазақстандағы алғашқы жасыл облигацияларды шығару есебінен қаржыландырылған Түркістан облысы, Отырар ауданы, Шәуілдір ауылындағы күн электр стансасы (2 МВт)




Фото: Қазақстандағы БҰҰДБ

Алғашқы жасыл облигациялар АХҚО Жасыл қаржы орталығының Second Party Opinion форматында облигациялардың ICMA Жасыл облигациялар қағидаттарына сәйкестігі туралы сыртқы баға алумен шығарылды. Осы шығарылымның арқасында елде тұрақты даму саласындағы борыштық міндеттемелер нарығы іске қосылды.

2-кейс. Қазақстандағы бірінші «жасыл» кредит

2021 жылдың қыркүйегінде ЕАДБ мен «Батыс транзит» АҚ «Атырау қаласында көшелерді жарықтандыру желілерін салу және пайдалану» жобасын қаржыландыру үшін 3,6 млрд теңге сомасында таңбаланған (халықаралық стандартқа сәйкес) жасыл кредит беру жөнінде кредиттік шартқа қол қойды. Бұл - Атырау облысындағы көшелер мен тас жолдарды жарықтандыру бойынша жалпы МЖӘ жобасының 4-ші кезеңі. Жаңа учаскенің ұзындығы 148 525 метрді құрайды. Жобаның құны 4,6 млрд теңгені құрайды. Жобаның 2-ші және 3-ші кезеңдері қазірдің өзінде жүзеге асырылды әрі ЕАДБ тарапынан қаржыландырылды.

Жобаның әрбір кезеңін іске асыру жол-көлік оқиғаларының санын (2-ші және 3-ші кезеңдердің қорытындылары бойынша 44%-ға), қылмыстардың үлес салмағын (2-ші және 3-ші кезеңдердің қорытындылары бойынша 0,5%-ға), көше жарықтандыру желілерінің энергия тұтыну шығындарын (2-ші кезеңнің қорытындылары бойынша 70%-ға дейін), қызмет көрсетуге арналған шығыстарды (2-ші және 3-ші кезеңдердің қорытындылары бойынша 36%-ға), CO₂ шығарындыларын (2-ші және 3-ші кезеңдердің қорытындылары бойынша жылына 0,6828 тоннаға) азайтуға мүмкіндік береді.

17-сурет. ЕАДБ берген «жасыл» кредит есебінен жартылай қаржыландырылған Атырау қаласындағы көшелерді жарықтандыру




Фото: <https://kapital.kz/finance/98917/yeabr-profinansiruyet-stroitel-stvo-setey-ulichnogo-osveshcheniya-v-atyrau.html>

АХҚО Жасыл қаржы орталығы жобаны сүйемелдеді және LMA/LSTA/APLMA Жасыл кредиттеу қағидаттарына сәйкес келетін «жасыл» қаржыландыру саласындағы саясатты қоса алғанда, «Батыс Транзит» АҚ ішкі құжаттарын әзірледі.¹³

¹³ <https://eabr.org/press/releases/evraziyskiy-bank-razvitiya-i-ao-batys-tranzit-podpisali-kreditnyy-dogovor-na-summu-3-6-mlrd-tenge/>

Дайындаған:

Келбетов Данияр,

Өнімдерді дамыту жөніндегі басқарушы директор,
«Астана» халықаралық қаржы орталығының әкімшілігі» АҚ Басқарма мүшесі

Айгүл Құсалиева,

Тұрақты даму департаментінің директоры,
«Астана» халықаралық қаржы орталығының әкімшілігі» АҚ

Жакупова Айнұр,

Тұрақты даму департаментінің бас менеджері
«Астана» халықаралық қаржы орталығының әкімшілігі» АҚ